

# Ұйымдасқан қылмыстың алдын алу

Аудан әкімінің орынбасары Алма Шалабаева ұйымдасқан қылмысқа қарсы, адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және есірткімен айналысу және есірткі саудасына қарсы күрес ведомствоаралық Осакаров ауданы әкімдігінде құрылған штаб жанындағы мемлекеттік ұйымдардың жұмысын үйлестіру бойынша бірлескен аумақтық комиссияның кезекті отырысын өткізді.

Комиссия отырысының күн тәртібінде ауданда балалар еңбегін пайдалануды болдырмау және алдын алу жұмыстарын ұйымдастыруда жүргізіліп жатқан шаралар жөнінде Білім беру, денешынықтыру және спорт бөлімі басшысы Айнагүл Ақмағамбетованың есебі тыңдалды.

Миграциялық болжам мен жалған еңбек миграциясының алдын алу шараларына Ішкі Істер бөлімінің аға өкілі Абай Хишем талдау жасады.

Комиссия отырысының күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша аудан әкімінің орынбасары нақты тапсырмалар берді.

**Арнайы ақпарат**